

аяқтан нық тұрып, сапқа қайта оралуына қолдан келер мүмкіндіктің барлығын ұтымды пайдаланды. Осы арқылы Қазақстанда орналасқан эвакогоспитальдар өздерінің алдына қойған миссияны абыроймен орындап шықты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізім:

1. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 142 б.
2. Войн без жертв не бывает // Красная звезда. 1982, 27 марта.
3. Очерки истории советской военной медицины. – Ленинград: Издательство «Медицина», 1968. - 526 с.
4. Жакупова М.А. Эвакогоспитали Казахстана в годы Великой Отечественной войны. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – 118 с.
5. Кучерявый И.М. Год работы эвакогоспиталя // Здоровоохранение Казахстана, 1942. - №10. – С. 3-11.
6. Самарин Р.И. Забота о раненых и больных эвакуированных в Казахстан в годы Великой Отечественной войны // Здоровоохранение Казахстана, 1980. - №5. – С. 6-9.
7. 40 лет Советского Красного Креста. 1918-1958. Москва: Медгиз, 1959. – 221 с.

ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Сабыр Қ.Б.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м., Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: kidralieva_a.b@mail.ru

Қарағанды қ.

Қазақстанның саяси-құқықтық тарихында тұңғыш рет Қарқаралы петициясында конституциялық-демократиялық идеялары мен жобалары кеңінен, жан-жақты талдау жасалынған.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның Конституциясынан өзінің шешімдерін тапқаны нақтылы фактілермен ғылыми негізде расталды. Бұл үрдіс Қазақстанның конституционализмнің тарихы негізінде ХХ ғасырдың бас кезеңінде қалыптасқанын растай түседі.

Міне, осыған байланысты ХХ ғасырдың бас кезінде қалыптасып, дамыған реформаторлық идеялар мен қозғалыстарды және конституциялық дамуды зерттеу, ұлт зиялыларының тәуелсіздік үшін атқарған жан-жақты қызметтерін санаға сіңіріп, білу және мақтан тұту халқымызды тәрбиелеудегі рөлі өлшеусіз. Себебі, «Тәрбиенің басы-тарих, сол арқылы патриотизмді күшейту-бүгінгі күн мұраты. Патриотизмі жоқ ұлттың ұлт қауіпсіздігі өте осал, әлсіз» [1, 2 б.].

Сонымен қатар тақырыптың өзектілігі Батыс және орыс зерттеушілерінің қазақтарда «ғылым, мәдениет, философия болмаған», «көшпенділердің ойлау қабілеттері төмен», «мал бағудан басқа еш нәрсеге бейімделмеген» сияқты евроцентристік шовинизмін жоққа шығару үшін өте қажет. Себебі, Қазан төңкерісіне дейінгі жазылған орыс тарихнамасында қазақ халқының рухани дәрежесін, қабілетін, сауаттылығын, ойлау жүйесін кемсітіп, төмендетіп көрсету кеңінен үрдіс алған. Бір басылым: «К недостаткам киргиз надо отнести хитрость и склонность к воровству... Как все номады, киргизы очень ленивы, и все домашние работы возложены на женщин. Мужчины разъезжают из аула в аул, пьют айран и кумыс и разносят по степи сплетни с быстрою курьеров» [2, 82 б.],-деп келекетіп жазса, тағы бір автор: «Причинам и постепенного обеднения киргиз, по моим личным наблюдениям служит следующее: прежде всего их дикость, невежество, феноменальная лень отсутствие каких-либо интересов, помимо чисто пищеварительных» [3, 53 б.]-деп жазып қазақ халқын саясаттан ада, мәдениетсіз, жабайы деп суреттеуге дейін барған.

Міне, осындай көзқарастарға тойтарыс беру, қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресін ақиқат деңгейде, жаңа көзқарастармен бағалап, танып білу тарих, тарихи-құқықтық конституционализм ғылымдарының күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселелердің бірі болып саналатыны даусыз.

XX ғ. басында отарлық жағдайда тұрған өзге де ұлттар (үнді, қытай т.б.) отарлаушы империяның күшті құрылымына қарсы тұра алу үшін –«күш қолданбай қарсыласу», «өзін-өзі күшейту», бейбіт шеру, байкот жариялау сияқты әдістер қолдана бастады. Халықты қырғынға ұшырататын көтеріліс түріндегі қарулы әдіс өзін-өзі ақтамады. Ұлттық мүмкіндіктерді ортақ мақсаттарға жұмылдыра алатын, жаңа күрес тәсілдерін тиімді пайдалана алатын әлеуметтік күш-ұлт зиялылары еді. Олар XX ғ. басында жаңа күрес әдістерін –ұлттық құндылықтарды қорғау тұрғысынан халық ағарту ісін алға тартып, газет-журнал, кітап басып шығаруды қолға алды. XXғ. басынан (1902 ж.) бейбіт күрес әдістері ретінде, талап-тілектерді жазбаша түрде талап ету – петиция әдісі қолданыла бастады.

1905 жылдың шілдесінде ұлттық элита өкілдерінің тобы Қарқаралы уезінің Қоянды кентінде өткен жәрмеңкеде ұлт азаттық қозғалыстың либералдық ұстанымын қабылдап, кейін Министрлер кеңесінің төрағасы С.Ю.Витте атына жазылған және император 2 Николайға жолданған қазақ халқының атынан петиция ұйымдастырды. Бұл аналогты құжат Қазақстан тарихына Қарқаралы петициясы атауымен енді.

1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сапаға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса ең алдымен патшаға, орталық билікке петиция жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелділіктегі қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер батыста Оралда, орталықта Қарқаралыда, оңтүстік- шығыста Жетісуда, басқаша айтқанда, кең қазақ даласының барлық аймақтарында жазылды. Жетісу облысы Лепсі уезінің қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам, арнайы делегация арқылы Петербургтегі үкімет орындарына тапсырылған Орал және Торғай облыстары қазақтары жазған петицияға 44 адам, ал белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам қол қойған еді.

XX ғасырдың басында Қазақстан Ресей империясының капитализмге дейінгі өндірістік қатынастар үстем болған аграрлық отарлық шет аймағы болды.

Отарлаушылар қазақ халқының жері мен оның табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік етіп қана қойған жоқ, олар қазақты рухани жағынанда отарлады, тілінен дінінен айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шаралар жүйесін жүзеге асырды. Қазақ ауылын басқаратын әкімшілік жүйе патша үкіметінің отарлау әкімшілік аппаратымен бірге қайнасып бай-шонжарлар өкілдерінің қолында болды.

Дала өлкесінде Семей, Өскемен, Павлодар, Ақмола, Қарқаралы, Көкпекті қалалары саяси жер аударылып келгендердің мекеніне айналды. Халық қозғалысының кең түрде таралуына түрткі болған жағдай 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы еді.

Ресейдегі 1905—1907 жылдардағы революцияның Қазақстан үшін де тарихи кезең болғандығы даусыз факті. Бұл жылдары Ә. Бөкейханов дәл атап көрсеткендей, «бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді». Бірақ тарих ғылымында 1905—1907 жылдардағы революциялық қозғалыстың Қазақстанға, қазақ қоғамына тигізген ықпалын талдауда объективті ғылыми әдіс емес, белгілі бір саяси мүдделерді көздеу, тарихи фактілерді сол тұрғыдан сұрыптау және бағалау үстемдік алып келді. Негізінен, осы бағытта жазылған кеңестік тарихнаманың басты тұжырымы мынаған сайды: біріншіден, «Қазақстандағы революциялық қозғалыс Ресейдегі бірінші халықтық революцияның құрамдас бөлігі» болды, екіншіден, бүкіл империя көлеміндегідей «мұнда да бұл қозғалыстың гегемоны большевиктік партия бастаған орыс пролетариата» еді және, үшіншіден, «революциялық қозғалыстың, даму барысында қазақ еңбекшілерінің орыс жұмысшыларымен және қоныс аударған шаруалармен интернационалдық ынтымақтастығы нығайды»[4, 81 б.].

1905—1907 жылдардағы революцияға байланысты осындай тұжырымдаманы тарих ғылымына енгізушілердің алдыңғы сапында С. Брайнин мен Ш. Шафиро сияқты «жаңа әдістеменің» белсенді өкілдері тұрды. Олар: «Қазақ бұқарасының ұлттық-революциялық

қозғалысы жалпыресейлік қозғалыспен тікелей өте тығыз байланыста дамыды, 1905 жылдың қуатты ықпалында болды, большевиктер партиясы басқарған жұмысшы қозғалысының аясында қалыптасып, жетілді... Бұл ықпал біздер әлі мүлдем зерттеп білмеген жолдар арқылы бұқараға жетіп, оны революцияландырған болатын» -деп жазды [4, 82 б.].

Демек, бұл екі азаттық қозғалыстың түпкі көздеген мақсаттарында принциптік айырмашылықтар бар. Орыс буржуазиясы, оның мүддесімен сыбайлас басқа қоғамдық күштер, ұлыдержавалық, отаршылдық идеологияның ықпалына іліккен орыс пролетариата мен шаруаларының белгілі бір бөлігі экономикалық дамуды отарлық тәуелділіктегі аймақтардың есебінен іске асыруды есінен шығарған емес. Революциядан кейінгі оқиғалар ағымы, орыс буржуазиялық партияларының Мемлекеттік Думадағы екі ұшты айқындамасы, орыс шаруаларының Столыпин реакциясы қолында отарлаушы құралға айналуы бұл пікірдің шындықтан алыс еместігін көрсетеді. Олай болса, бұл екі азаттық қозғалысты біртұтас революциялық ағымға жатқызып (единый революционный поток) шет аймақтардағы ұлт-азаттық қозғалысты метрополиядағы азаттық қозғалыстың артына мықтап байлап, олардың арасындағы антагонистік қайшылықтарды екінші қатарға асыру, біздің пікірімізше, тарихи шындықтан гөрі саяси пайданы көбірек көздейтін күштерге лайық әдіс [4, 83 б.].

Революция жылдарында патша үкіметінің отаршылдық саясаты бұрынғыдан да күшейе түсті. Қазақтардың жерлерін қоныс аударушы орыс шаруаларына күштеп алып беру жалғаса берді. Патшаның 1904 жылғы жарлығы бойынша бұрынғы Сібір шекара шебіндегі ені он шақырымдық бейтарап алқап түгелдей казак әскерлерінің «мәңгілік» пайдалануына берілді. Патша үкіметінің осы және басқа да озбырлық әрекеттері салдарынан казак халқы құнарлы жерлерінен айырылды. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде бір ғана Семей облысының өзінде 147 мыңға жуық казак жерсіз қалды. Сондықтан да жерсіз қалған казактар Сібір казактарына, император әулетінің Алтай таулы округіндегі меншікті аумағына, Томск, Тобыл губернияларындағы орыс шаруаларына және Қытай империясының әкімшіліктеріне беріліп қойған бұрынғы казак жерлерін жалға алып пайдалануға мәжбүр болды. Патша үкіметі казактың жерін тартып алумен қатар өлке аумағынан мал өнімдерін, шикізаттарды, минералдық ресурстарды көптеп әкетіп жатты. Сонымен қатар отаршыл үкімет казак даласындағы кеніштерді, шахталарды, зауыттар мен фабрикаларды арзан бағаға шетелдік кәсіпкерлерге сатты. Олар өз кезегінде елдің табиғи қазба байлығын аямай тонап, тасып әкетіп жатты. Өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтін жұмысшыларды, соның ішінде әсіресе казак жұмысшыларын қатыгездікпен қанады. Казак жұмысшыларына төмен жалақы төленді және ең ауыр қара жұмыстарға жіберілді. Орыс жұмысшыларымен салыстырғанда тұрғын үй жағдайлары да адам төзгісіз болды. Бұған қоса патша үкіметі казак өлкесінде православие дінін уағыздаушы миссионерлерін жіберіп казак халқының арасында орыстандыру саясатын жүргізді.

Қазақстанда алғашқы саяси-азаттық қозғалыстардың пайда болуына жер аударылып келген орыс революционерлері – социал-демократтар әсер етті. Олар тыйым салынған әдебиеттерді, үкіметке қарсы ұрандар таратып, саяси ұйымдар құрды. Мысалы, 1884 жылы Қарқаралыға саяси жер ауып келген Анна Сабурова, Александр Никвист, Александр Григорьев, 1890-1903 жылдары келген Ермолай Савин, Петр Лимарев, Осип Браун, Иван Гусев, Николай Беляев, т.б, Ресейде және басқа шетелдерде жүріп жатқан тап күресі жайлы жаңалықтарды үнемі ауыз екі жеткізіп отырды [5, 35 б.].

1905 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты екі ағымға, яғни халықтық-революциялық және буржуазиялық-феодалдық ағымдарға бөле отырып, кеңестік тарихнама ұлттық интеллигенцияның қызметін «буржуазиялық-ұлтшылдықтың» көрінісі ретінде сипаттап, оны бірінші ағымға қарсы қойды. Мәселен, бес томдық «Қазақ ССР тарихынан» ұлттық интеллигенция өкілдері дайындаған Қарқаралы петициясы туралы мынадай жолдарды оқуға болады: «Еңбекші бұқараны революциялық күрестен қайткен күнде де аулақтауға тырысып, феодалдық-бай жоғарғы топ пен мұсылман дін басылары «петиция» науқанын ұйымдастырды. 1905 жылы 25 июльде Қоянды жәрмеңкесінде (Қарқаралы қаласының жанында) байлардың съезі болып, онда патшаға петиция «әзірленді» [4, 84 б.].

1905 жылы 25-26 маусымда Қоянды жәрмеңкесінде ерекше оқиға болды. Үш жүз қазақтарының өкілдері бас қосқан үлкен жиындарда бүкіл халық атынан Ресейдің ең жоғарғы билік орындарына жолданған бірнеше құжаттардан белгілі. Құжаттар Ресей императорына, Министрлер Кеңесінің төрағасына, ішкі істер министріне жолданған. Петицияларды дайындап, халық өкілдеріне қол қойғызғандардың ішінде қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Көлбай Тоғысов, Ахметқали Аяғанов бар. Бұл жөнінде Міржақып Дулатов 1907 жылы жазылған «Қазағым менің елім менің» атты мақаласында былай деп ашына жазған еді.

«...Ең алдымен қазақ халқы Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай правасы жоқтығы кек тудырады. Халықтан жиналған салық қаражатының көп бөлігі хандыққа, тіпті керек емес нәрселерге жұмсалады. Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет ғұрыптарымызға араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды» делінген. «Қарқаралы петициясы» туралы жалпы қазақтың көптеген тарихшыларымен профессорлары зерттеген. «Ұлы мәртебелі император ағзамға» деп басталатын петицияның қазақша аударымын, толық мәтінін профессор Зарқын Тайшыбай келтіреді. Профессор ұсынған петиция мәтінінде «Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Олардың мұң мұқтажын кім біледі, халықтың өзі сайлаған өкілдері болмаса, сол халықтың тілегімен қажетін өтеудің жолдарын кім көрсетеді? Қалай дегенде де бізді әлде кімдердің танығысы келмейтініне жауапты емеспіз. Патша Ағзам, сізден басымызды иіп сұраймыз. Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана біздің мұң-мұқтажымыз ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы, Империяның басқа халықтарымен тең екенімізді сезінеміз»-деп келтірген еді.

Осы 1905 жылы Семей облысы Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде 14500 (екінші деректе — 12767) адам қол қойған Қарқаралы петициясы өмірге келді. Петициядағы 11 тармақтан тұратын талап-тілектер сол тұстағы қазақ елінің қоғамдық тұрмыстағы ең негізгі мұқтаждықтарын толық қамтыды деп айтуға әбден болады. Онда жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне казак елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ұждан бостандығы, дін тұту еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала Ережесін жаңа уақытқа сай заңмен ауыстыру, қазақ еліне жоғарғы зақ шығарушы орындарға өз депутаттарын сайлауға мүрсат беру және басқа сол сияқты аса маңызды мәселелер көтерілді.

Петицияның ең маңызды мәселе — жер мәселесін айналып өтпегендігі түсінікті. Құжатты жазушылар «әкелер қанының өтеуімен азат етілген атамекенін» «орыс мемлекеті ешқандай дәлел-себепсіз, күштінің құқығы жүреді деген қағидаға сай, барлық қазақ жері мемлекет меншігі болып табылады деген заңды бекітіп, соның салдарынан қазақ даласына қоныс аудару қозғалысы» басталғандығын айтып, үкімет алдына мынадай талаптар қойған болатын:

4. Соңғы 15 жыл бойы Дала өлкесін отарлау жүріп жатыр. Жыл өткен сайын қазақтардың иелігіндегі жер азайып келеді. Мал шаруашылығы өз табиғатына сай экстенсивті болмасқа шарасы жоқ, сондықтан да ол өмір сүруі үшін кең жайылымдарды талап етеді. Ал қоныс аударушыларға бөлінген учаскелер үшін ең шұрайлы жерлер мен тұщы су көздері тартып алынууда. Сондықтан да қазақтар иеленіп отырған жерлерді олардың меншігі деп тану шарт»[4, 97 б.].

1905 жылы түрлі петициялар тапсыруда үлкен белсенділік танытқан далалық облыстардың қазақтары еді. М. Тынышбаев бұл саяси науқанға аталған өлкеден 25 мың адамның қатысқанын айтып «Енді генерал Сухотинге барлық қырғыз жұртын Сібірге жер аударып, елсіз далада жеке өзіне патшалық құрудан басқа ештеме қалған жоқ»,— деп мысқылдаған болатын.

Қорыта айтқанда, 1905 жылы жазылған петициялармен таныса келіп, олардың сол кезеңдегі қазақ қоғамының өмірлік мүддесінен туындаған жалпы демократиялық сипаттағы құжаттар екендігіне көз жеткізу қиын емес. Тарихи құжаттарды талдауда тар таптық бағыт ұстанған кеңестік тарихнама бұл петицияларды «феодалдық-бай жоғарғы топ пен мұсылман

дін басылары» ұйымдастырған науқан ретінде бағалап, оларды негізінен дін мәселесін көтерген құжат етіп көрсетіп, мазмұнын бұрмалауға ұрынды.

Ал шын мәнінде бұл петицияларды сол тарихи контекстен бөлмей қарар болсақ, олардың басқа дәрежеде және мазмұнда көрінуі тіпті де мүмкін еместін. В. И. Ленин «Азияның оянуы» атты еңбегінде шығыс елдердегі революциялық өрлеуге сипаттама бере келіп: «Дүниежүзілік капитализм мен 1905 жылғы орыс қозғалысы Азияны біржола оятты. Езілген, ортағасырлық тоқырауда тағыланған жүздеген миллион халық оянып, жаңа өмірге, адамның ең қарапайым праволары жолындағы, демократия жолындағы күреске ұмтылып отыр»-деп көрсеткен болатын. Бұл пікірдің түгелдей сол кезеңдегі қазақ азаттық қозғалысына да тән екендігі күмән тудырмаса керек.

Ал нақты Қарқаралы петициясының тарихи орнына келсек, ол құжат авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпка салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға еместін [4, 98 б.].

1905 жылы шілде айында Қоянды жәрмеңкесінде патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы Мақсұт Бекметевтің басшылығымен үнпарақ (листовкалар) таратылды. Ол Омбыдағы студенттердің, почта-телеграф қызметкерлерінің де ереуілдерін ұйымдастырушылардың бірі еді. Патша полициялары мен жандармдары тарапынан революциялық үгіт жүргізгені үшін М.Бекметев қуғындалып, 1906 жылы абақтыға жабылды, айдауда жүріп 1912 жылы қайғылы қазаға ұшырады.

Екінші бір патшаның атына жазылған жолдама-хат болып табылатын «Дело об агитации среди киргиз Каркаралинского и Павлодарского уездов о посылке в Петербург депутации для представления от Киргизского народа петиции к царю» атты құжатына Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қойды. Петиция 47 пункттен тұрады.

Бұл петиция өкімет орындарын қорқытты. Өйткені, оған қол қойғандар түгелге жуық ел арасындағы беделді қазақтар еді. Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына петицияны ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал-губернаторының канцелярия бастығы Лосевскийден шұғыл түрде құпия жеделхат жіберілді. Омбыдағы сот палатасының аға басқарушысы А.А. Кобылин Дала генерал-губернаторы Н.Н. Сухотиннен петицияны ұйымдастырушыларға қарсы Омбы сот палатасының іс қозғауы қажет деген жеделхатын алды. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушы Ә.Бөкейханов екені және Қарқаралы уезіне қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан 1-3-тен адам аттары көрсетілген. Олардың ішінде: Қу болысынан – Мұсатай Тәттімбетов және Мақат Ақаев (Мұсатай – атақты күйші Тәттімбеттің баласы, ал Мақат – атақты Ақаев Хасеннің ағасы). Берікқара болысынан – Ақбай Жандеркин (заңгер, Ж. Ақбаевтың әкесі). Балқаш болысынан – Нарманбет Орманбетов (атақты Нарманбет ақын), т.б. қол қойғандығы анықталды. Бұл туралы «...петицияны Омбыдан Петербургке осы жылдың 28 шілдесінде Ә.Бөкейханов жіберген, ол осы уездің қырғыздарымен тығыз байланыста, қырғыздардың арасында оның беделі жоғары», – деп жазады штаб-ротмистр Оссовский өзінің дала генерал-губернаторына жіберген ақпаратында. Осы ақпаратта жеделхаттың түпнұсқасын жасаушы және оны Омбыдан Қарқаралыға құпия түрде жеткізуші Омбы сот палатасының сот ісінің кандидаты Ж.Ақбаев екендігі де айтылған. Өз ісінің білгір маманы, заңгер, қазақ бұқарасының арасында зор беделге ие заң магистрі Ж.Ақбаев пен Ә.Бөкейхановтың бұл іске араласуы Ресей әкімшілік орындарында үлкен үрей туғызады. Генерал-губернаторлар екеуіне де қатаң бақылау қояды.

Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынұлының бірлесе отырып жасаған петициялары болашақ саяси партияның бағдарламасына, Алашорда үкіметі іс қағаздарының негіз болды [5, 39 б.].

Патша атына және Ресей Министрлер Кеңесіне жолданған петициялармен бірге Ішкі Істер министрлігіне жолдама-хат жіберілген. Оған уездердің атынан болыстардың өкілдері қол қойған. «Қарқаралы, Семей, Павлодар уездерінің қазақтарынан Патша ағзамның атына

жіберілген тілекке қоса, Сіздің қарап шешуіңізге мынандай нақты мәселелер қоямыз» деп басталатын құжатты Ішкі істер министрлігінің құзырындағы, мысалы, мешіт және оның жанынан медресе ашуға рұқсат беру, баспа ісімен әркімнің айналысуы құқығын қамтамасыз ету, іс қағаздарын қазақша жүргізу, салықтар ерікті түрде төленетін болсын, қазба-байлықтар, ашылған кен орындарды, заводтар мен кеніштер-қазақтардың ұлттық байлығы болып саналсын, ормандар, өзендер мен көлдер, олардың барлығы да қазақтың ұлттық байлығы болып бекітілсін, соңғы 20 жылда қазақтардан тартып алынған жерлер өздеріне қайтарылсын, көшпелі қазақтар мен орыс шаруаларының, қазақ-орыстардың құқығын теңгеру сияқты мәселелер көрсетілген.

Енді Ресей үкіметіне жазылған құжатқа қысқаша тоқталайық. Онда ар-бостандығын беру, халықтың өз тілінде білім алуын ұйымдастыру, келімсектерді қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қорының жергілікті халыққа тиесілі екендігі туралы арнайы заң актісін қабылдау, «Далалық ережені» және өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды бекіту, отарлаушы аппарат чиновниктерінің санын қысқарту, генерал-губернаторды орталықтан тағайындаудан бас тарту, жоғары билік органдарынан отарланушы өлке депутаттары үшін үлес беру талаптары қойылды [6,12 б.]. Министрлер Кеңесінің төрағасына жолданған петицияға 12767 адам қол қойған.

Қазақстанның барлық қалаларында 17 қазандағы Манифеске арналған саяси шерулер, митингілер мен жиналыстар толқыны жойылды. Перовскідегі, Оралдағы, Қарқаралыдағы, Павлодардағы т.б. манифестациялар неғұрлым ірі болды. Бұл күндерде Оралда Б.Қаратаев пен Ж.Сейдалиев, Қарқаралыда А.Байтұрсынов, Бекметов пен Ж.Ақбаев және т.б. ерекше белсенділік көрсетті. 1905 жылдың күзінде Ж.Ақбаев Павлодар-Қарқаралы бағыты бойынша үгіт жүргізу сапарына шықты. Осы сапар барысында ол қарашаның жетісінде Павлодарда болған митингіде бостандық идеясын уағыздаған және жергілікті әкімшілікті қайта сайлауды талап етіп сөз сөйледі.

Халықтың жаппай ереуілінен қорыққан жергілікті үкімет өкілдері демонстрацияға қатысушыларды қуып, тарату үшін қазақтар жүздігін шақырды. Бірақ, әскери команда бастығы офицер Гомбинский жиынды қарумен тарату жөніндегі бұйрықты орындаудан бас тартты. Солдаттар қызыл жалау көтеріп, өздері демонстрацияға қатысушыларға қосылды [7, 84 б.].

Сонымен, петициялар беру, соның ішінде Қарқаралы петициясы ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси өміріндегі аса маңызды кезеңдердің бірі болды. Оларда қазақ қоғамының өмірлік маңызы неғұрлым өткір мәселелері нақтыда қысқаша тұжырымдалған түрде баяндалды. Жоғары дәрежелі мемлекеттік органдардың атына петициялар жолдау қазақ халқының саяси санасезімінің оянып, күшейе түскенін көрсетті. Мұның өзі халықтың құқықтарын қорғауға қабілетті екенін көрсетті.

1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезіндегі Қазақстандағы саяси оқиғалар, әсіресе, жұмысшылардың, шаруалардың және зиялылардың бой көрсетулері, ұлт-азаттық қозғалыс және т.б. олардың әлсіздігіне және бытыраңқылығына қарамастан жергілікті еңбекшілер үшін үлкен саяси мектеп болды, бұл тәжірибені олар ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы бұдан кейінгі күресінде пайдаланады.

Патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Петициялардың мәтінін жазғандар батылдық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бірақ патша үкіметі петицияларда қойылған талаптарға құлық таныты қойған жоқ. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сай келмейтін еді. Солай бола тұрса да петициялық қозғалыс жағымды рөлін атқарды. Қазақтар Ресейдің мемлекеттік думаларында депутат болып сайланды. Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдаудың басы қасында қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ерекше белсенділік танытты.

Тарихшылардың пікіріне сүйенсек, петиция мазмұны сайып келгенде, болашақ саяси партияның бағдарламалық негіздері болып табылады. Сол себепті, Алаш партиясының идеялық бастау көзін бірінші орыс революциясы көзінен іздеген жөн.

Қаһарман қарқаралылықтардың қолымен дүниеге келген, тарихқа «Қарқаралы петициясы» деген атпен мәңгілік болып жазылған, оянған халықтық сана үнін білдіретін, кезінде Қоянды жәрмеңкесіне жиналған 14.500 адам қол қойған бұл шағым-хатты шын мәніндегі қаһармандық құжат деуге болады. Міне, оянған сананың бір тамаша куәсі Азиядағы қазақ жерінде, оның Қарқаралы атты ежелгі қаһарман өлкесінде, осы жердің қаһарман азаматтарының, осында дүниеге келген Алашорда белсенділерінің, шын мәнісіндегі Ардагер Алаш азаматтарының төңкерісшіл, жаңа заман кұруды аңсаған, мұрат еткен идеалдары негізінде жазылған. XX ғасыр басындағы қабылданған маңызды тарихи құжат 1917 жылы «Алаш» қозғалысы және «Алашорда» үкіметінің пайда болуына түрткі болған оқиға еді. Осы тарихи құжат қазақ халқының бостандыққа ұмтылудың бастамасы болды.

Адамзат тарихында ғұмыр кешіп, жасампаз істермен және ашқан жаңалықтармен өшпес із қалдырған тұлғалар тарихта із қалдырған тұлғалар тарихта оқып, оның сабағын әлеуметтік тәжірибеде пайдалану арқылы дамудың өзекті мәселелерін шешуше болатындығы туралы аса көрегендік пікірлерді айтып кеткен.

Бұл петицияның тексті Санкт-Петербургтегі Орталық тарихи архивте сақтаулы тұр. Оның сәл ғана қысқартылған нұсқасы кезінде Ресейдің орталығында шығып тұрған "Сын отечества" басылымында (№ 173, 1905 жыл, 4 қазан) жарияланған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өбекұлы Сәкен. XVII ғасырдың соңы-XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихы және қайраткерлері. Докторлық диссертацияның авторефераты. - Алматы, 1999 ж.
2. Записи Западно-Сибирского отдела императорского русско-географического общества / - Омск, 1885-Кн. VII. вып.1.
3. Записи ИРГО по отделению этнографии / - СПб., 1891, Вып. II. Т. 17.
4. Қойгелдиев Мәмбет. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995.-368б.
5. «Алаш» қозғалысының тарихы: оқу құралы / Н.А.Бейсенбекова, Л.К. Шотбакова, Қ.С.Өскенбаев; ҚР білім және ғылым мин-гі, Акад. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік ун-ті. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. - 276 б.
6. Смағұлова С. Қарқаралы петициясы. // Қазақ тарихы журналы. 1996. №1.
7. Қазақтар, Көпшілікке арналған 9-томдық анықтамалық. А. 1-т.1998.115-б.

РЕФЛЕКСИЯ К ЦЕННОСТИ ЕДИНСТВА СОВЕТСКОГО НАРОДА В ГОДЫ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Сапронов В.

Научный руководитель: к.и.н., профессор Акылбаева И. М.

Университет КАЗГЮУ имени М. С. Нарикбаева

i_akylbayeva@kazguu.kz, v_sapronov@kazguu.kz

г. Астана

В наши дни, когда заходит речь о Великой Отечественной войне, многие преуменьшают или вовсе обесценивают роль единства народов СССР и вклад советских республик в общую победу над фашизмом. К сожалению, в наше время люди привыкли обезличивать историю, они рассматривают её лишь из под призмы сухих фактов, не догадываясь о том, что история, как писал Люсьен Февр - это в первую очередь наука о человеке, о прошлом человечества, а не о вещах и явлениях [1, с.26]. Победа в войне была одержана благодаря единству советского народа. Поэтому важным является рассмотрение путей реализации единства казахского народа с народами СССР во время борьбы с фашизмом в 1941-1945 годы.